БАРЛЫҚ ЕЛДЕРДІҢ ПРОЛЕТАРЛАРЫ, БІРІГІҢДЕР!

# ЛЕНИН ТУЫ

ҚКП СОЛТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСТЫҚ КОМИТЕТІНІҢ, ЕҢБЕКШІЛЕР ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ ОБЛЫСТЫҚ СОВЕТІНІҢ және ҚКП ПЕТРОПАВЛ ҚАЛАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ ГАЗЕТІ

№ 254 (9316) 1953 жылғы 27 декабрь Жексенбі

Шығуына 34 жыл
жеке саны 20 тыйын.

*Совет аппаратының түгелімен барлық буындарының жұмысына социалистік заңдылықтың дәл және бұлжымастан сақталуына партия ұйымдарының тынбастан және үнемі бақылау жасауы совет адамдарының саяси қырағылығын арттыруға көмектеседі, бұл қырағылықты бұрынғыдан анағұрлым тиімді және пәрменді етеді.*

## Сот үкімі—халық үкімі

ССРО Жоғарғы Сотының Арнаулы Сот Құрамының саткын және шпион Берияның, ол топтастырған қаскүнемдердің опасыздар тобына қатысушылар —Меркуловтың, Деканозовтың, Кобуловтың, Гоглидзенің, Мешиктің, Влодзимирскийдің ісі жөнінде үкімін еліміздің барлық еңбекшілері терең қанағаттанған сезіммен қарсы алды. Қаскүнемдерді қылмыстың ең ауыр жазасы —атуға үкім еткен соттың қарары және бұл үкімнің орындалуы совет адамдарының бірауыздан білдірген талаптарына сай келеді.

— Совет соты, —деп мәлімдеді Киевтің «Ленинская кузница» заводының жұмысшысы Яременко жолдас, —өзінің үкімімен халықтың еркін білдірді. Барлық еңбекшілер ССРО Прокуратурасының хабарын талқылап, опасыздар шайқасын ешқандай рақымдыз құртуды, жұмысшылар мен шаруалар одағын әлсірету, ССРО халықтарының достығын бұзу, өкметті басып алу, жұмысшы- шаруа құрылысын жою және буржуазияның үстемдігін қалпына келтіру мақсатын көксеген жауыз қаскүнемдерден совет жерін тазартуды бірауыздан талап етті. Халықтың айтқаны орындалды!

— Бүкіл колхозшы шаруалар, —деді Ярославль облысы, Некрасов ауданындағы «Красный коллективист» колхозының председателі, Социалистік Еңбек Ері Гунина жолдас, —осы әділ үкімді бірауыздан мақұлдап қарсы алды. Ешқандай алаяқтар, олар қаншама мұқият бүркемеленсе де, біздің мемлекеттің қуаты мен күшін ешуақытта да әлсірете алмайды. Біздің әл-ауқатымыздың негізі — колхоз құрылысын ешуақытта да әлсірете алмайды. Жаулардың тімісқілеген әрекеттерінің бәрі күйретілді, ал, жаулардың өздері құртылады. Колхозшы шаруалар туысқан Коммунистік партияның төңірегіне бұрынғыдан да тығыз топтасып, ауыл шаруашылығын мықтап өркендету жолындағы күресте өздерінің күш- жігерін еселеп арттырады.

Бұл үн барлық жұмысшылардың, колхозшылардың, интеллигенцияның — еліміздің барлық еңбекшілерінің үні; бұл үн сатқындар мен Отанға опасыздар шайқасының ұсталып, әшкереленіп, құртылғанына еңбекшілердің бірауыздан қанағаттанған сезімін білдіреді.

Берия мен оның сыбайластарының ісі еліміздің тыс жерлердегі реакцияшыл империалистік күштердің біздің Отанға қапәрекет жасауға кіріскен. Ол өкметті басып алуды әзірлеп, өзінің қаскүнемдер тобына қатысушыларды Ішкі істер министрлігінің орталық аппараты мен оның жергілікті органдарындағы басшы қызметтерге жанталасқан асығыстықпен қоя бастаған, ал, қаскүнемдердің қылмысты жарлықтарын орындаудан бастартқан Ішкі істер министрлігінің адал ниетті қызметкерлерін аяусыз жазалап, озбырлық көрсетіп, қудалап, қуғынға ұшыратқан.

Партия мен Үкметтің ауыл шаруашылығын өркендету жөніндегі шараларына саботаждық жасауды, сөйтіп, жұмысшылар мен шаруалар одағын әлсіретуді, колхоз құрылысын әлсіретуді, елде азық түлік қыйыншылықтарын тудыруды Берия өзінің зұлымдық, опасыздық жоспарларында көзден келген. Одақтас республикаларда буржуазияшыл- ұлтшыл элементтердің қалдықтарын жандандырып күшейту, ССРО халықтары арасында алалық және араздық тудыру, ең алдымен ССРО халықтарының ұлы орыс халқымен достығын әлсірету үшін Берия арандатушылық мақсатымен бірқатар қылмысты шаралар қолданған.

Берия осы арандатушылық айла-амалдарының бәрін жүргізе отырып, шетелдік қожанындар — реакцияшыл империалистік топтар өздерінің ежелгі агентінің қыйымылын «оғаланды» және оның Советке қарсы қаскүнемдігін қолдауды деп ұмыттенген. Ал, олар шынында да өз малының барынша ынталандырын, оның Советке қарсы жоспарларын орындауын талап етіп отырған. Бірақ, жаулардың Совет мемлекеті әлсіреді деген ұмыттері бекер ұмыт болып шықты. Империалистік күштер белсене әрекет жасай бастағанда, біздің халқымыз Коммунистік партия мен Совет Үкметінің төңірегіне бұрынғыдан да тығыз топтасып, партия жасап берген саясатты жүзеге асыруға күші мен еңбегін аямай кірісті. Берия өзінің қаскүнемдік оңлдіру әрекетін күшеитуі нәтижесінде өзін өзі ұстап берді. Партияның Орталық Комитеті мен ССРО Үкметі осы опасызды және сатқынды әшкерелеп, ол топтастырған қаскүнемдер тобын ұстап, зиянсыздандырды. Мұқият бүркемеленген сатқынның, опасыздың және шпионның контрреволюциялық зұлымдық қаскүнемдігін өздің партиямыз бен Үкметімздің жоғары қырағылығы талқандады, ал, өздің партия мен Үкмет халықтың мудде-

*Қытайдың Коммунистік партиясы Орталық Комитетінің Председателі*
*Қытай Халық Республикасының Орталық Халық Үкметінің Председателі*

## *МАО ЦЗЭ-ДУН жолдасқа*

Қымбатты Мао Цзэ-дун жолдас!

Сіздің жасыңыз алпысқа толған күні Совет Одағының Коммунистік партиясының Орталық Комитеті мен ССР Одағының Министрлер Советі Қытай Коммунистік партиясының сыннан өткен басшысы және қытай халқының көсемі —Сізге өздерінің туысқандық коммунистік сәлемін жолдайды.

Сіздің бүкіл өміріңіз Қытай Коммунистік партиясының қытай халқының бостандығы мен тәуелсіздігі жолындағы қаһармандық күресімен, халықтың тарихи ұлы жеңісімен —Қытай Халық Республикасын орнатумен аяқталған қаһармандық күресімен тығыз байланысты. Коммунистік партияның басшылығымен Қытайдың Халық -демократиялық мемлекеті дүниежүзілік аренаға шығып, бейбітшілік пен демократия лагерінің қуатты күшіне айналды.

Ішкі реакция мен империалистік езушілік күштеріне қарсы ауыр күрестің сұрапыл жылдарында және кәзіргі уақытта. Орталық Халық Үкметі Председателінің қызметінде, Сіз барлық күшінізді халыққа қызмет етуге, еңбекшілер ісінің салтанаты жолындағы, социализм жолындағы күреске әрқашан да жұмсап келдіңіз және жұмсап отырсыз. Сіз маркстік- лениндік теорияны империализмге қарсы қытай революциясының практикасымен, жаңа, халықтық- демократиялық Қытайдың құрылысымен ұштастыруды данышпандықпен жүзеге асырып, маркстік-лениндік ілімді творчестволықпен дамытып, қытай және совет халықтарының мәңгі достығының ту ұстаушысы болып отырсыз.

Қымбатты досымыз Мао Цзэ-дун жолдас, Сіздің ұлы қытай халқының бақытына, Қытай Халық Республикасының игілігіне және көркейе беруіне, бүкіл дүние жүзіндегі бейбітшіліктің игілігіне ұзақ жылдар жасап, күшіңіз толы және деніңіз сау болуын шын жүректен тілейміз.

*Совет Одағының Коммунистік партиясының Орталық Комитеті*

*ССР Одағының Министрлер Советі*

## ССР Одағы Министрлер Советі жанындағы ғылым мен өнертабу саласындағы Сталиндік сыйлықтар жөніндегі Комитетте

Ғылым мен өнертабу саласындағы Сталиндік сыйлықтар жөніндегі Комитет 1953 жылда Сталиндік сыйлықтар алуға еңбектер қабылдайды.

Қарауға мынадай еңбектер қабылданады:

А) 1951, 1952 және 1953 жылдары жарияланған және қалың ғылми жұртшылықтың жоғары бағасын алған ғылми, ғылми- түсінікті еңбектер мен оқулықтік жұмыс әдістерін түбірінен жетілдіруші-ліктер.

Жоғарыда айтылған еңбектерді ғылми мекемелер, жоғары оқу орындары, министрліктер, ведомстволар және қоғамдық ұиымдар тәпсырады. Авторлардың қолмақол өздерінен еңбектер қабылданбайды.

1953 жылға Сталиндік сыйлықтар беру туралы ұсыныстар 1954 жылғы 15 фев-

## Ауыл шаруашылығы еңбекшілерінің оқуы дұрыс ұйымдастырылсын

### Колхозшылардың агро-зоотехникалық оқуын бағаламаушылық

Быйыл Совет ауданының колхоздарында 485 колхозшы агро--зоотехникалық курстерде оқуға тиісті еді. Бірақ, курстарға бұл тыңдаушылардың жартысына жуығы ғана қатысады.

Шағлы МТС-нің қамтуындағы колхоздарда бұл жұмыс қанағаттанғысыз ұйымдастырылған. Бұған колхоздарда осы уақытқа дейін бірқатар зоотехникалық курстың жұмыс істемеуі толық дәлел болады.

Жағдай Сартомар, Совет МТС-терінің қамтуындағы колхоздарда да дәл осындай. Мәселен, «Красный полтавец», «Қазақстанның 30 жылдығы» колхоздарында сабақ тиісті дәрежеде өткізілмейді, тыңдаушылар түгел қатыспайды. «Еркіндік» колхозындағы зоотехникалық курсте сабақ өткізуге белгіленген зоотехник Махиня жолдас өз міндетіне немқұрайды қарайды. Ол бүкіл ай бойы бір рет ғана сабақ өткізіп, содан кейін бұл колхозға мүлдем келмей қойған.

«Аралағаш» колхозындағы курске зоотехник Қожахметов жолдас формальді түрде ғана сабақ береді. Ол сабақ берудің әңгіме-лекция сыякты озат әдістерін қолданбайды, практикалық сабақтар ұйымдастырмайды, тыңдаушылардың қалай конспекті жасап жүргенін тексеріп отырмайды. Бұл колхоздағы малшылардың көпшілігі партия мен үкметіміздің мал шаруашылығын өркендету жөніндегі соңғы кездегі қаулыларымен әлі күнге дейін таныс емес. Тыңдаушылардың сабаққа қатысуы да мүлдем нашар. Артель басшылары «агро-зоотехникалық оқу қатардағы колхозшылардың ісі» деп ұғып, өздері оқуға қатыспайды.

Сабақтың белгіленген күні өткізілмей қалуы жиі кездеседі. Мәселен, Молотов атындағы колхозда агроном Құрманбаев жолдас басқарған агротехникалық топ жұмыс істейді. Мұнда оқу жылы басталғалы үш-ақ рет сабақ өткізілген. Мұның себебі—дала бригадасының бригадирлері, ферма меңгерушілері түрліше сылтауларды бетке ұстап, оқу күні тыңдаушыларды сабақтан қалдырады. Ал, оқытушы Құрманбаев жолдастың өзі сабақты өткізуге жақсы әзірлікпен келмейді. Сондықтан сабақ төмен дәрежеде өткізіледі.

Колхоз шаруашылығын жедел қарқынмен өркендету жолында МТС-тің ролі ерекше зор. Осыған байланысты оның мамандарына колхозшыларды ауыл шаруашылығы ғылымдарының негіздерімен қаруландыруда жауапты міндеттер жүктеледі. Солай бола тұрса да, МТС мамандары, ең алдымен, бас агрономдар Кузнецов, Борзаковский және бас зоотехниктер Омаров, Тулеев жолдастар кәзіргі күннің талаптарына сай жұмыс істей алмай, курс жұмыстарына жете назар аударма келеді. МТС директорлары өз мамандарының колхоз өндірісіне белсене араласын, ұйымдастырушылық роль атқарулары үшін күрес жүргізбей отыр.

Колхозшылардың ұшжылдық агро- зоотехникалық оқуындағы мұндай кемшіліктерге бұдан әрі төзуге болмайды. Өйткені, ол оқу- теориялық мәселелерді колхоздардың практикалық міндеттерімен байланыстыруда, алдыңғы қатарлы бригадалардың, мал фермаларының және колхозшылардың озат тәжрибелерін кеңінен насихаттаудың аса маңызды құралы. Бұл жұмыстың жақсы жолға қойылуы ауыл шаруашылығы қызметкерлері алдындағы орасан зор міндеттердің ойдағыдай іске асырылуына қолайлы жағдай тұғызады. Олай болса, ауданның партия, совет және ауылшаруашылық ұйымдары колхозшыларға жүйелі білім беру жолындағы олқылықтарды тез арада жойып, бұл істі батыл жақсартулары қажет.

К. ЗАИТОВ.

## Кемшіліктерге төзімділік жасап отыр

Ауыл шаруашылығын онан әрі өркендетуде колхозшылардың өндірістен кол-

мыспен жеткілікті шұғылданбай, жайба-

сы бүлдіру әрекетін әлі де өршелене жүргізіп отырғанын совет адамдарының есіне тағы да салады. Реакцияшыл күштер «қырғыйқабақ соғыс» дейтінді өршітіп, ССРО жөнінде баспасөзде және радио арқылы жалақорлық науқанды үсті- үстіне жүргізуде, біздің елімізге шпиондар мен диверсанттар жіберуге тырысуда, бүлдіру әрекеттеріне жүздеген миллион долдар қаржы бөлуде.

Реакцияшыл империалистік топтар өздерінің бүлдіру мақсаттары үшін пайдалануына болатындай түрлі- түсті азғын элементтер мен сілімтіктерді өз мемлекеттерінің тыңшылық органдары арқылы Совет Одағында жанталаса іздестіруде. Олар Совет Одағында мұндай азғындар мен сілімтіктерден басқа ешкімге де сүйене алмайды: бізде қанаушы таптар әлде қашан жойылған, бүкіл совет қоғамы моральдық- саяси ұлы бірлікпен топтасқан. Сондықтан Берия мен оның сыбайластары сияқты сатқындар шетелдік реакцияшыл топтар үшін нағыз оңай олжа болып табылады.

Алдын- ала тергеуде және сот тергеуінде анықталғанындай, шетелдік реакцияшылдардың Берияны «өз адамы» деп, сенімді агент және тыңшы деп есептеуіне толық дәлелдері болған.

Берия 1919 жылдың өзінде- ақ Бакуде ағылшын тыңшылық органдарының ең жексұрын және қанкуйлы тапсырмаларын орындаған муссаватистік үкметтің разведкасына жасырын- агентуралық қызметке кірген. 1920 жылы, Грузияда болған кезінде Берия ағылшын разведкасының филиалы болған меньшевиктік охранкамен астыртын байланыс жасап, тағы да сатқындық істеген.

Берия бұдан кейінгі жылдардың бәрінде де, тіпті өзі тұтқынға алынғанға дейін шетелдік разведкалармен байланысын нығайтып, ұлғайтып келген. Өзінің дұшпандық әрекетін барынша бүркемелеп, ол қаскүнемдердің опасыздық тобын топтастырған, бұл топқа онымен көп жылдар бойы орлесіп, Совет мемлекетіне қарсы жасаған аса ауыр қылмыстарымен байланысты болған адамдар кірген. Қаскүнемдер Ішкі істер министрлігінің органдарын ССРО Коммунистік партиясы мен Үкметтен жоғары қоюды, өкметті басып алу, советтік жұмысшы- шаруа құрылысын жою, капитализмді қайта тудыру және біздің елімізде буржуазияның үстемдігін қалпына келтіру үшін осы органдарды Партия мен Үкметке қарсы, халыққа қарсы пайдалануды өздерінің зұлымдық және қылмысты мақсаты етіп қойған.

Өздерінің қылмысты әрекетін жасыру үшін қаскүнемдер өздерін әскерелейді деп хауіптенген адамдарды террорлықпен жазалаған. Олар өздерінің өкмет басына өтіп алуына бөгет болған адал ниетті партия және совет қызметкерлеріне жала жапқан, оларға қарсы зұлымдық пен пәлекорлық істеген, олар Коммунистік партия мен Совет Үкметінің ісіне берілген кадрларды қырып- жою мақсатымен бірқатар аса ауыр қылмыстар жасаған.

И. В. Сталин қайтыс болғаннан кейін бүкіл халықаралық реакция Совет мемлекеті әлсірейді деп үміттеніп, белсене әрекет жасай бастады. Реакцияшыл империалистік күштердің жалпы белсене әрекет жасай бастағанына үміт артып, олардың агенті және малайы Берия да желдете

---

берін қырағылықпен қорғап келеді.

Берия мен оның шайкасының ісі бітті. Өткен уақытта совет халқына қарсы әрекет жасаған оарлық қаскүнемдер топтарының ішіндегі ең жауыз осы топқа қатысушылар қылмыстың ең ауыр жазасы —атуға үкім етілді. Үкім орындалды. Қарғыс атқан Берия мен оның сыбайластарының есімдеріне халық лағнет айтты. Оларды Участоке және қандай жағдайда болса да саяси қырағылықты оарышна арттырып отыру қажет екенін Берияның ісі тағы да еске салып отыр. Совет аппаратының оарлық оуындарының жұмысына, сонымен ішінде ішкі істер министрлігі органдарының жұмысына партия ұйымдарының үнемі және үздіксіз бақылау жасауы жөнінде партия мен Үкмет қолданған шаралар, советтік заңдылықтың сақталуын қатаң оақылау шаралары қырағылықты арттыруға оағытталған. Осы шараларды жүзеге асыра отырып, Б. И. Ленинніңі советтік заңдылықтың маңызы туралы сан рет айтқан нұсқауларын, «тіпті де болса заңсыздықтың, советтік төрешіл тіпті де болса оұзушылықтың өзі —с а қ ы л а у, мұны еңбекшілердің жаулары дереу пайдаланады. . .» деген нұсқауларын партия басшылыққа алады.

Совет аппаратының түгелімен барлық оуындарының жұмысына, социалистік заңдылықтың дәл және оұлжымастан сақталуына партия ұйымдарының тыпоастан және үнемі оақылау жасауы совет адамдарының саяси қырағылығын арттыруға көмектеседі, оұл қырағылықты оұрыпдап анағұрлым тиімді және пәрменді етеді, оұл күмәнсіз. Ал, мұның өзі Совет мемлекетін онан әрі нығайтады, оның ауатын күшейтеді деген сөз. Бериянын қаскүнемдер шайкасын әшкерелеу фактісін оарлық совет адамдары дәл осылай деп оағалап отыр, капиталистік елдердегі оарлық оъективті, адал ниетті адамдар дәл осылай деп оағалап отыр. Индияның «пеншнл геральд» газеті жуырда өте әділдікпен осылай деп жазды: Берия мен оның сыоайластарын әшкерелеу туралы хоаар «Совет өкметінің оерік екендігін, және оның өз күштеріне сенетіндігін дәлелдейді».

Жексұрын ұлы жыланды жолдан тайдырып, таоанына басып, совет халқы коммунистік құрылыстың дацқты жолымен сеніммен алға оасуда. Коммунистік партия мен Совет Үкметі бейоіт экономиканы барынша өркендетуге, социалистік ауыл шаруашылығын мықтап өрге бастыру және халық тұтынатын товарлар өндірісін өркендету жолымен алға басуға, қала мен деревняның оарлық еңоекшілерінің әл- ауқатын үздіксіз арттыруға жұмысшылардың, колхозшылардың, интеллигенцияның еңбегін, творчестволық күш-жігерін жұмылдырып отыр. Бұл игілікті, жемісті міндеттер халқымыздың төл мүддеріне, бүкіл дүние жүзінде бейоітшілікті сақтау және баянды ету мүдделеріне сай келеді. Міне, сондықтан да коммунистік партия басшылық етіп отырған совет адамдары партиянын Орталық Комитетінің бастауымен осы міндеттерді ойдағыдай жүзеге асыру үшін күші мен еңбегін аямай жұмсайды.

(«Правданың» 25 декабрьдегі басмақаласы).

---

тар (қолжазбалар қарауға қабылданбайды);

Б) 1951, 1952 және 1953 жылдары игеріліп, халық шаруашылығында қолданылған көрнекті жаңалықтар мен өндірісті ұйымдастырудың ең пайдалы тәжірибесі.

Ескерту: Мынадай мәселелер бойынша ұсыныстар қабылданбайды: 1) Сталиндік сыйлықтар берілмейтін ғылым мен өнертабу саласындағы ұсыныстар; 2) Сталиндік сыйлықтар берілмейтін ғылым мен өнертабу саласындағы ұсыныстар; 3) Сталиндік сыйлықтар берілмейтін ғылым мен өнертабу саласындағы ұсыныстар.

Ескерту: Ұсыныстар 1954 жылдың 1 февраль-ына дейін мына адреске — жіберілсін: Москва, Жданов көшесі, 11, ССРО Министрлер Советінің жанындағы ғылым мен өнертабу саласындағы Сталиндік сыйлықтар жөніндегі Комитет.

---

## ССРО Министрлер Советі жанындағы искусство мен әдебиет саласындағы Сталиндік сыйлықтар Комитетінің

Искусство мен әдебиет саласындағы Сталиндік сыйлықтар жөніндегі Комитет 1953 жыл үшін Сталиндік сыйлықтар алуға еңбектер қабылдайды.

Қарауға жұртшылық жоғары бағалаған, қоғамдық және творчестволық ұйымдар, министрліктер, ведомстволар және ғылми мекемелер Сталиндік сыйлықтар алуға ұсынған искусство мен әдебиеттің аса көрнекті шығармалары қабылданады.

Сталиндік сыйлықтар беру туралы ұсыныстар 1954 жылғы 1 февральға дейін мына адреске жіберілсін: Москва қаласы, Көркем театр көшесі, 3-а үй, ССРО Министрлер Советі жанындағы искусство мен әдебиет саласындағы Сталиндік сыйлықтар жөніндегі Комитет.

---

үзбей оқыйтын ұшжылдық агро- зоотехникалық оқуының зор маңызы бар. Өйткені, көп салалы, күрделі механикаланған шаруашылықта табыстарға жету колхозшылардың мамандықтарының артуына да байланысты. Солай бола тұрса да, Октябрь ауданындағы Торанғұл МТС-нің қамтуындағы колхоздарда бұл жұмыс наша ұйымдастырылып отыр. Тіпті «Қазақстанның 30 жылдығы», «Смычка», Калинин атындағы колхоздарда колхозшыларға жүйелі білім беру мәселесі әлі күнге дейін қолға алынбаған. Ал, аталған МТС-тің басшылары осы сияқты төзгісіз кемшіліктердің орын алуына қынжылар емес. МТС-тің бас агрономы Почупайло жолдасқа сабақ өткізуге басшылық жасау тапсырылған болатын. Бірақ, ол бұл жұ-

---

дан үш жыл бұрынғы тізімде бар 50 адамды олар оқу программасын өтпесе де «оқуды бітірді» деп есептейді. МТС басшылары бас агрономның бұл лайықсыз ісін білсе де оған жол беріп келеді.

Колхозшылардың агро- зоотехникалық оқуларынын нашар жолға қойылуына МТС қамтуындағы колхоз басшыларынын да тиісті көңіл аудармай отырғандығын жасыруға болмайды. Олар колхозшылардың ауылшаруашылық ғылымдары негіздерін меңгеру жөніндегі талаптарына көңіл бөлмей келеді. Осы сияқты олқылықтарға бұдан әрі төзуге болмайды. МТС және колхоз басшылары аталған кемшіліктерді тез арада жойып, бұл іске жете көңіл бөлулері қажет.

**А. ЖОЛБОЛСЫНОВ.**

---

# Отанымызға опасыздық жасаушыларға рақым жоқ!

* * *

## Сот үкімін шын ниетпен қуаттаймыз

ССРО-ның Жоғарғы Соты совет халқының бірауыздан айтқан тілегін орындады, кісі өлтіргіштер мен қаскүнемдер— Берия және оның сыбайластары ең ауыр жазаға —ату жазасына кесілді. Сот үкімі орындалды. — Бұл сөзді 24 декабрьде петропавлдың «Екпінді» кәсіпшілік артелінің әрөір жұмысшысы мен қызметкерлерінің ауызынан естуге болатын еді.

Артельдің цехтарында көп адам қатысқан жыналыстар өтті. Тігін цехында өткен жыналыста тігінші комсомолка Дәулеткелдиева жолдас бірінші болып сөз алды. Ол былай деді:

— Барлық совет адамдары сияқты, біздің артельдің жұмысшылары мен қызметкерлері де халық жауы —Берия мен оның сыбайластарына шығарған сот үкімін бірауыздан қостайды.

Жыйналыста іріктеу цехының тігіншілері Каримова, Мальченко жолдастар шығып сөйлеп, ССРО Жоғарғы Сотының халықтың зұлым жаулары —Берия мен оның сыбайластарына шығарған үкімін өүкіл артель коллективінің толық қостайтындығын білдірді.

## Сатқындар сазайын тартты

Петропавл жылу электр орталығында Берия және оның ұяластарының қылмысты әрекеті жөнінде ССРО Жоғарғы Сотының хабарына арналған жыйналыс болды.

Жыйналыста кадр бөлімінің қызметкері Максимович жолдас былай деді:

—Шпион Бериянын және оның зиянкес тобының халқымыз бен партиямыздың бірлігін бұзуға, Совет мемлекетінің күш- қуатын әлсіретіп, елімізде келмеске кеткен қаратүнек тәртіпті қайта орнатуға тырысқан істері кезінде әшкереленді. ССРО Жоғарғы Сотының Арнаулы Сот Құрамының бұл сатқындар жөніндегі үкімі —халық үкімі. Бүкіл совет халқының тілегі де осы үкім болатын.

— Әрбір совет елінің азаматы, —деді кәсіподақ ұйымының председателі Ищенко жолдас, —шпиондардың әрекетіне қажырлы еңбек етуімен жауап берді.

* * *

## Азғындарға өмірден орын жоқ

Берия және оның сыбайластарының арам, пасық ниеттері бүкіл совет адамдарының ашу- кегін тудырды. Гүлденген Отанымызды империалистердің тепкісіне беруді, біздің елімізде капитализмді қайта орнатуды, сөйтіп, Коммунистік партияның басшылығымен бұдан 36 жыл бұрын лақтырылған жоқшылық пен аштықтың, қаңғылық пен надандықтың, кемсітушілік пен құлдықтың лағнет қамытын халқымызға қайта киізбек болған біртоп азғын сұмдар партиямыздың Орталық Комитетінің қырағылығы арқасында деркезінде әшкереленіп, жойылды.

Партия мен халықтың қас жауы азғын Берия көп жылдар бойы Совет мемлекетінің ісіне өзінің зиянын тигізіп келді, біздің халқымыз үшін ол аз жаманды істеген жоқ. Бірақ, бұдан бұрынғы уақыттарда болғандай, азғын жау сазайын тартты, Коммунистік партияның Орталық Комитеті опасыздарды әшкерелеп, халыққа жауыздың бет пердесін ашып көрсетті.

Совет халқының бақытын жойып, шаттық тұрмысын мұң мен зарға айналдырмақ болған опасыз сұмның қатал жазалануын бүкіл совет халқы қатты талап еткен еді. Соның бірі —мен. Өйткені, мен тек Коммунистік партия мен Совет Үкметінің қазақ қыздарына жасап отырған қамқорлығы арқасында ғана білім ала алдым. Өйткені, мен тек совет өкметі арқасында ғана шын теңдікке қолым жетіп, шын бақытқа ие болдым. Мен кәзір қаладағы М. И. Калинин атындағы қазақ орта мектеп интернатында тәрбиеленуші оқушылардың тәрбиешісі болып істеймін. Кәзіргі өмірлері бақытты, ал, болашақтары бұдан да жарқын бұл жас жеткіншектердің де Берияға және оның сыбайластарына ашынған ыза- кегін ауызбен айтып жеткізу қыйын.

Біздің елімізде азғындар мен опасыздарға орын жоқ. Ел бақыты мен ырысына қол сұғып, ел шаттығын қайғыға айналдырғысы келген, сөйтіп, шетелдік капиталдың мүддесі үшін қызмет еткен азғын мен сұмдарға ешбір рақым болмайды. Сондықтан да ССРО Жоғарғы Сотының Арнаулы Сот Құрамының Берия және оның сыбайластарына шығарған үкімін бүкіл совет халқымен бірге мен де әділ деп санаймын.

Азғындарға өмірден орын жоқ!

**М. ДАБЫСҚАЛИЕВА,**
**Қаладағы М. И. Калинин атындағы қазақ орта мектебі жанындағы интернаттың тәрбиешісі.**

## Опасыздар арамыздан аласталды

Қаланың «Бірінші май» артелінде көп адам қатысқан жыйналыс болды. ССРО Жоғарғы Сотының Арнаулы Сот Құрамының үкімі оқылғаннан кейін мастер-технорук С. Лаптев жолдас сөз алды.

— Халықаралық империализмнің агенті, опасыз Берия және оның жақтастары халқымыздың бақытты өмірін тартып алып, елімізде қайтадан қара түнек заман орнатпақшы болды. Бірақ, олар есебінен қатты жаңылды. Коммунистік партия бұл сатқындардың бет пердесін ашып, кезінде әшкереледі. Соттың үкімі бойынша азғындар ең ауыр жаза—атуға бұйырылып, ол үкім орындалды. Біз үкімді қанағаттанғандықпен қостаймыз.

Мастер Т. Петрова өзінің сөзінде былай деді: —Біз, тігіншілер зұлым Берия мен ол топтастырған опасыздардың лайықты сазайын тартқандықтарын қанағаттанғандық сезіммен қарсы алдық. Елімізде жұмысыздық, қайыршылық тұғызып, шат тұрмысымызды жоймақ болған зымыяндар арамыздан аласталды. Совет халқы Коммунистік партиянын басшылығымен алға баса береді. Біз бүкіл совет халқымен бірге, Коммунистік партияның төңірегінде бұрынғыдан да тығыз топтаса береміз.

«Бірінші май» артелінің коллективі сот үкімін толық мақұлдады, сонымен қатар, революциялық қырағылықты күшейте отырып, сүйікті Отанымызды гүлдене беруі үшін бұдан былай да табысты еңбек ете беретініліктерін білдіріп, бірауыздан қауды қабылдады.

* * *

## Халық тілегі орындалды

Ұлан-байтақ еліміздің барлық еңбекшілері сияқты Петропавл былғары заводының коллективі де ССРО Жоғарғы Сотының Арнаулы Сот Құрамының шпион Берия топтастырған қаскүнемдер жөніндегі үкімін зор қанағаттанғандық сезіммен қарсы алды. Заводтың барлық цехтарында көп адамдар қатысқан жыйналыстар болып өтті. Онда жұмысшылар мен қызметкерлер совет сотының әділ үкімін бірауыздан мақұлдап, Коммунистік партия мен Совет Үкметіне алғыс айтуда.

—Советтік әділ сот, — деді жоспарлау бөлімінің инженері Гук жолдас, — совет адамдарының тілегін орындады. Берия және оның ұяластары жұмысшылар мен шаруалардың одағын әлсіретіп, буржуазия үстемдігін қайта орнатқысы келді. Бақытты совет адамдарын шетел империализмінің құлдығына түсіруді ойлады. Зұлымдардың күлі көкке ұшты. Біз Коммунистік партияның төңірегіне бұрынғыдан да тығыз топтасып, еселеген жігермен еңбек өнімділігін арттыра береміз. Сөйтіп, ұған Отанымызды нығайта беру күресіне өз үлесімізді қосамыз.

—Қандай жаулардың тіміскіленуі болса да қуатты мемлекетіміздің күшін әлсірете алмайды, —деді слесарь Еслямов жолдас. —Халық жауларының қандай әрекеті болмасын күйретіледі, жаулар құрытылады. Біздің қасиетті жерімізде зұлымдарға орын жоқ. Бұдан кейін Еслямов жолдас завод жұмысшылары мен қызметкерлерін революциялық қырағылықты күшейтуге, Отанымызға мінсіз, сапалы өнім беруге шақырды.

Былғары заводының коллективі халықаралық империализмнің жалдамалы агенті Бериягa және оның ұяластарына қолданған партия мен үкметтің батыл шараларына жауап ретінде үстіміздегі жылдың жоспарын мерзімінен бұрын орындап, келесі жылдың жоспары үшін Отанымызға мінсіз, сапалы өнімді мейлінше көп беруге міндеттенді.

## ПАРТИЯ ТҰРМЫСЫ

# Менің сабақ өткізудегі кейбір тәжрибелерім

Үйірме сабағының мазмұнды болуы, тыңдаушылардың материалды творчестволық жолмен терең оқып, меңгеруі насихатшыға байланысты екені мәлім. Сондықтан насихатшы өзінің теориялық білімі мен тәжрибесін үнемі толықтырып отыруға тиіс. Міне, сонда ғана ол, партия насихатының өскелең талабына сай жұмыс істей алады.

Мен 1948 жылы ҚКП қалалық комитетінің жанындағы кешкі партия мектебін, мұнан кейін 1950 жылы марксизм-ленинизм кешкі университетін бітірдім. Осы уақыттан бері үзбей насихатшы болып келемін. Соңғы жылдары партиямыздың тарихы мен теориясын өздігімнен оқып үйренудемін. Мұның үстіне, ҚКП қалалық комитеті жанындағы насихатшылардың семинар- кеңестеріне үздіксіз қатысамын. Быйыл СОКП тарихын үйренетін негізгі типті үйірмеде насихатшы болып істеп жүрмін.

Сабақтың сапалы, идеялық жағынан мазмұнды болып өтуі оған тыңғылықты әзірлікті қажет етеді. Мен жаңа сабаққа әзірленгенде күнібұрын кезекті тақырыпқа керекті әдебиеттерді, көрнекі құралдарды дайындап аламын. Конспекті жасаған уақытта тыңдаушылардың назарын тақырыптың негізгі мәселелеріне аударуды, қандай көрнекі құралдарды пайдалануды ойластырамын. Сондай-ақ конспектіде тақырыпқа сәйкес көркем әдебиетті қалай пайдаланудың жолдары көрсетіледі. Мәселен, «Россиялық социал- демократиялық жұмысшы партиясының құрылуы» деген тақырыпты өту үшін В. И. Ленинніңі «Не істеу керек» деген еңбегін, СОКП тарихының қысқаша курсын және басқа әдебиеттерді оқып шықтым. Жазушы Соколовтың «Искра» деген кітабын да пайдаландым.

Сабақ өткен тақырып жөнінде тыңдаушылармен әңгімелесуден басталады. Өткен сабақта пайдаланылған, жаңа сабаққа керекті көрнекі құралдар: альбом, карта тағы басқа плакаттар класқа сабақ басталмастан бұрын ілініп қойылады. Әңгіме кезінде еріктілік принципі сақталады. Ең алдымен, күнбұрын әзірленген сұрақты жалпы қойып, тыңдаушылардың белсенділігін байқаймын.

Әңгіме кезінде тыңдаушы өзінің ойын толық айтып болмайынша оның сөзін бөлмеймін. Егер тыңдаушы материалды толық қамтый алмаса, онда қосымша көмекші сұрақтар беріледі. Содан соң, басқа тыңдаушылар оның айтпай кеткен түйінді мәселелерін толықтырады. Бұдан кейін өткен сабаққа қорытынды жасалады. Бұл әдіс тыңдаушылардың әңгіме кезінде белсенділігін арттырып, олардың материалды терең меңгеруіне көп көмек жасайды.

Әңгіме уақытында сабаққа сирек келетін тыңдаушылардан жиі сұрап отырған жөн. Өйткені, кейбір тыңдаушылар сабаққа қатыспай, соны сылтау етіп, материалды оқымай келеді. Мұның ақыры тыңдаушының өзі жоқта өтілген материалды жете білмеуіне әкеліп соғады. Мұндай тыңдаушыға талапты күшейтіп, қадағалап сұрап отырса, ол сабақтан қалмай, тыянақты әзірленіп келетін болады.

Екінші сағатта жаңа сабақ басталады. Жаңа материалды түсіндіруге 45-50 минуттай уақыт жұмсаймын. Лекция оқып тұрғанда дәптерден көз алмай, бір дауыспен сөйлеу тыңдаушыларды жалықтырады. Сондықтан көркем шығарманы пайдаланған дұрыс. Мәселен, «Россиялық социал- демократиялық жұмысшы партиясының құрылуы» деген тақырыпты түсіндіргенде Соколовтың «Искра» кітабынан үзінділер оқып, бірқатар мысалдар келтірдім. Содан кейін съездің өткен жерін, осы жылдардағы капитализмнің дағдарысын альбом мен картадан көрсеттім.

Материалды жергілікті фактілермен, тыңдаушылардың өндірістік жұмыстарымен байланыстырып отырса, сабақ қызықты болады. Бізде СОКП Орталық Комитеті сентябрь Пленумының «ССРО ауыл шаруашылығын онан әрі өркендету шаралары туралы» қаулысы жөніндегі сабақ тыңдаушылардың белсене қатысуымен өтті. Мұнда мен өзіміздің заводтың жұмысынан мысалдар келтірдім.

Жаңа тақырыпты түсіндіріп болғаннан кейін тыңдаушылардың сұрағына жауап қайтарамын. Үйірме сабағы үйге тапсырма берумен, оқуға тиісті әдебиеттерді көрсетумен аяқталады.

Мен жетекші болып істейтін үйірмеде 15 тыңдаушы оқыйды. Олардың құрамында 13 коммунист, партияда жоқ 2 актив бар. Үйірме тыңдаушылары өздерінің идеялық саяси білімін көтерумен бірге, өндірістік тапсырмаларын да асыра орындап жүр. Олардың барлығы да жаңа көтерінкі міндеттемелер алды. Слесарь Қасымова жолдас өзінің айлық тапсырмасын үнемі 215-220 проценттен орындайды. Ол жұмыс істейтін бригада декабрь айының тапсырмасын 180 процент орындауға міндеттеніп отыр.

Алайда, мұның бәрінен үйірме жұмысында кемшіліктер жоқ деген ұғым тумайды. Кейбір коммунистер сабаққа үнемі қатысып отырмайды. Мәселен, Яковлев, Медведов жолдастар сияқты коммунистер соңғы кезде сабаққа қатыспай жүр. Бұл жөнінде завод партия ұйымына талай рет хабарланды. Бірақ, партия ұйымы осы уақытқа дейін оларға ешқандай шара қолданған жоқ.

Партия ұйымының көмегімен сабақ берудің идеялық мазмұнын мұнан да жақсартып, тыңдаушылардың марксизм- ленинизм негіздерін творчестволық жолмен меңгеруіне жетісе береміз.

**В. ЩЕРБАЧЕВА,**

**Киров атындағы завод партия ұйымының насихатшысы.**

## Партия оқуына басшылық жақсартылсын

Коммунистік партия коммунистердің марксизм- ленинизм теорияларын творчестволық жолмен оқып, терең білім алуына ерекше көңіл бөліп отыр. Коммунистердің саяси жағынан білімді болуы бастауыш партия ұйымын нығайтып, оның бұқара арасындағы ықпалын одан сайын арттыра түседі.

Алайда, кейбір бастауыш партия ұйымдары коммунистердің саяси оқуы, олардың өздігінен білімін көтеруі сияқты маңызды мәселелермен аз шұғылданады. Әдетте, мұндай партия ұйымдары коммунистердің жалпы біліміне қарамай, олардың барлығын бірдей үйірмелерге, не кешкі партия мектептеріне тартып, сонымен жұмысты бітті деп есептейді.

Мұндай жағдай, әсресе, Октябрь ауданының бірқатар колхоз партия ұйымдарына тән. Мәселен, Сталин атындағы колхозда СОКП тарихын үйренетін үйірмеде 13 коммунист, партияда жоқ 2 адам оқыйды. Үйірме тыңдаушылары сабаққа үнемі қатысып отырмайды. Міне, осының салдарынан үйірме сабағы үш рет өтпеді. Партия ұйымының есебінде тұратын коммунистер Оразалин, Өбжанов оқу жылы басталғалы үйірменің екі сабағына ғана қатысқан, ал, коммунист Ищенко жолдас сабаққа бірде- бір рет қатыспаған.

Ал, Калинин атындағы колхозда коммунистер партия оқуы жүйесіндегі СОКП тарихын үйренетін үйірмеге тек формальді түрде ғана қамтылған. Мұнда сабақ мерзімінде өтпейді. Колхоз бастауыш партия ұйымының секретары Бондаренко жолдас тек шаруашылық жұмыстармен ғана айналысып, партия оқуы сияқты маңызды мәселеге жете көңіл бөлмей, оны партия ұйымының бақылауынан тыс қалдырған. Қосшығұлов, Миткин сияқты коммунистер өздерінің сауатсыздығына қарамастан, олар үшін ұйымдастырылған кешкі мектепке де қатыспай жүр.

Торангүл МТС-дегі партия оқуының жайы да тәл осындай. МТС-те оқу жылы басталғалы бірде- бір сабақ өткен жоқ.

Бұл партия ұйымдарында партия оқуының мезгілінде өтпеуіне ҚКП аудандық комитетінің насихат және үгіт бөлімі, оның меңгерушісі Решетняк жолдас та кінәлі. Өйткені, жоғарыда аталған колхоздар мен Торангүл МТС-інде партия оқуының уақытылы өтпейтіні оған көптен мәлім. Бірақ, Решетняк жолдас дәрменсіздік істеп, партия оқуын жақсарту жөнінде нақтылы шаралар белгілеп, партия ұйымдарына жұмыс үстінде көмек берген жоқ.

ҚКП аудандық комитеті мен колхоз бастауыш партия ұйымдары партия оқуына басшылықты мейлінше жақсартып, партия оқуының ойдағыдай ұйымдастырылуына жетісулері керек.

**А. ЖОЛДЫҒАРИН,**
**(өз тілшіміз).**

## Тәрбие жұмысын жақсарту керек

## *Украинаның Россияға қайта қосылуының 300 жылдығы қарсаңында*

**Бүкіл совет халқы Украинаның Россияға қайта қосылғанына 300 жыл толуы мерекесін өткізуге әзірленуде.**

**Төменде біртоп украин ақындарының өлеңдерін жариялап отырмыз. Өлеңдерді қазақ тіліне аударған акын Мұзафәр Әлімбаев.**

**Максим РЫЛЬСКИЙ**

### *Су мен ауа*

Су мен ауа, атылған жай, найзағай,
Кен мен көмір, бар қыртысы жердің де
Қара бұлтты жарып шыған найзадай,
Ұлы -ұлы күрлыс болып өмірге.

Жегеміз біз өзендердің өр күшін,
Тар шатқалдар жол береді ашылып.
Ақылды адам, табиғаттың көресін
Аяғыңа жығылғанын бас ұрып.

### *Көктем*

Білімге ынтықтым жалындап,
Соған күн жетпеді ал бірақ.
Білімнің ордасы, сан музей,
Шақырды экранға «Колизей»—
Жүйіткіді минуттар күнді ұрлап,
Сағат та күтпеді зымырап. . .
Москва өзенін сең басты,
Көктем кеп
Жүрекке ұласты.
Қыдырдым жас жандай масайрап,
Өлеңге таппадым сөз сайлап.
Өзімнің Москвам сыйлаған
Балғын жас шағымда өзіме
Шаттықты, жігерді қайнаған,
Қалайша сыйғызам сөзіме!

**Леся УКРАИНКА**

### *Шындық үшін аттан тұтас қолыңмен*

Шындық үшін аттан тұтас қолыңмен
Бізде ортақ әділдіктің жолы бар.
Сенім біреу —біз күштіміз сонымен,
Кеудеміздің тынысы бір, бауырлар.

Арамызда жоқ, бауырлар, арамдық
Қорқа алмаймыз өсек пенен түнектен.
Біз шындықтың ізгі туын қолға алдық,
Жауыздыққа берілмейміз біз тіптен.

Шындық үшін күрескендер тайынбай,
Шындық күшін шын бағалай білгендер,
Бізге келсін, хош аламыз бауырдай
Біздің туыс —ақиқатты сүйгендер.

**Леонид ПЕРВОМАЙСКИЙ**

### *Қайда деп сұрасаң сен...*

Қайда деп сұрасаң сен туған елің,
Қайда деп ата- мекен, туған жерің,
Білемін не деріміді айдан анық,
Қайтарып бола алмаған әлі кегін

Томсарған үнсіз дала ойлы- қырлы,
Тыш-тыйпыл жау отаған орман мұнлы,
Оты мол осы өлеңдер растасын
Жалындап өмір бойы жанғанымды.

Өлкемде кең көсіліп еркін жатқан,
Үйімнің көктемгі аспан үстін жапқан.
Қалмаймын өлкемнің мен қарғысына,
Қорғадым сын сағатта оқ пен оттан.

Анамның ақ жүрегі жатқан өлке
Ұлым деп маған сенді өз тағдырын.
Туған жерде өсірдім өлеңді ерке —
Сол жерде, мен өлсем де, жасар жырым.

## Даңқты мерекеге дайындық

Ғылми білімдер тарату қоғамының қызметкерлері алдымыздағы даңқты мереке —Украинаның Россияға қайта қосылуының 300 жылдығына қызу әзірленуде.

Қоғамның лекторлары кезіргі уақытта «Орыс және украин халықтарының ғасырлар бойғы достығы», «300 жылдық жөнінде», «ССРО халықтарының достығы —Совет мемлекетінің негізінің негізі» және тағы басқа тақырыптарда облыс жұртшылығы үшін лекциялар оқуда. Сонымен қатар, Отанымыздың басқа да халықтары сияқты қазақ халқы мен украин халқының достығы туралы лекцияларды даярлауда.

* * *

Облыстық кітапхана коллективі де даңқты күнге дайындық жүргізуде. Кезір мұнда украин халқының көп ұлтты мемлекетіміздің халықтарымен достығы кезіргі жаңа социалистік Украинаның бейнесін сыйпаттайтын стендтер жасалды.

Кітапхана

## Құрама Штаттар Амами аралдарын әлі бақылауда

ШАНХАЙ, 25 декабрь. (СОТА). Токио радиосының хабарына қарағанда, Жапонияның ең оңтүстік шетімен және Тайвань аралының арасындағы мұхитқа орналасқан Рюки аралдарының тобына жататын Амами аралдарын Жапонияға «қайтару» туралы 25 декабрьде Токиода американ -жапон келісіміне қол қойылған.

Амами аралдарын американ әскерлері 1945 жылы басып алып, оларды американ соғыс- теңіз флотының және авиациясының базасына айналдырғандығы мәлім. Американың соғысқа әзірлік жұмыстары аралдардың экономикасын құлдыратып, оларда тұратын халықтың тұрмысының өте нашарлап кетуіне әкеліп соқты. Аралдарда және Жапонияның өзінде де американ басқыншыларына қарсы наразылық қозғалысы аралдарды Жапонияға қосу үшін қозғалыс өрістей түсті. Өткен жылғы сайлаулардағы заң шығару жиналысында «дереу біріктіру үшін күрес» ұранымен шыққан Рюки аралдарының халықтық партиясы дауыстың басым көпшілігін алған болатын.

Корей қалалары мен селоларына шабуылдар жасаған американ бомбардировщиктерінің ең ірі мекені болған Окинава, аралы да кіретін бүкіл Рюки Архипелагының өздері басып алған аралдарына әлі бақылау жасай отырып, Амами аралдарын Жапонияға «беру» осы қозғалысты әлсіретуге жасаған АҚШ-тың әрекеті болып табылады.

Амами аралдарын «қайтару» жөніндегі американ және жапон уәкіметтері қол қойған келісімдер мен ноталар осы аралдарды да өзінің соғыс базасы ретінде пайдаланудан АҚШ-тың бастартпай отырғандығын көрсететіндігі айқын. Ноталарда, «Қыйыр -Шығысты қорғау» не оның хауіпсіздігі тұрғысынан қарағанда, осы ауданда қорғанысқа байланысты, АҚШ-тың талаптарын еске алуға байланысты Амами аралдарының бұл тобы ерекше жағдайда болатындығын Жапония мойындауға міндеттенеді делінген.

Келісімде соғыс құрылыс орындары және кезіргі уақытта американ әскерлері пайдаланып отырған жер участоктерін американ әскерлері мұнан былай да пайдалана беретіндігі атап көрсетіледі.

## ЖАПОН КӘСІПОДАҚТАРЫНЫҢ ІС ӘРЕКЕТТЕРІНІҢ БІРЛІГІ ҮШІН

ШАНХАЙ, 25 декабрь. (СОТА). Токио радиосы Жапониядағы ең ірі кәсіподақтар бірлестігі —Жапония кәсіподақтары бас советінің секретариаты жалақыны арттыру үшін және жұмысшыларды жұмыстан шығаруға қарсы барлық кәсіподақтардың бірлесіп күресуінің қажеттігі туралы қарар қабылдағанды ығын хабарлайды.

Жапония кәсіподақтарының бас советі ереуілдерге қатысушылар жөнінде жазалау шараларын қолдануға ниеттеніп отырған мемлекеттік темір жолдардың әкімшілік орындарына наразылық білдірген.

## Қабырға газеті редакторларының семинар-кеңесі

ҚКП қалалық комитеті қаланың кәсіпорындарының, мекемелері мен оқу орындарының қабырға газеттері редакторларының біркүндік семинар- кеңесін өткізді.

Семинарға қатысушылар қабырға газетінің ролі жөнінде баяндама талқылады.

«За здоровый паровоз» атты паровоз депосы қабырға газетінің редакторы Латаев жолдас өзі басқаратын редколлегияның жұмысы жөнінде айтты. Редколлегияның 6 топтан құрылуы қабырға газетін күнбе-күн шығарып тұруға мүмкіндік беруде. Әрбір топ кезекті номердің жоспарын күні бұрын біліп, тиісті материалдарды кезінде әзірлеп отырады. Газетте жарияланған сын мақалалар жөнінде қолданылған шаралар оқушыларға үнемі хабарланып отырылады.

Қабырға газетінің редакторлары Гармас және Ломакин жолдастар қабырға газетінің активтерімен жұмысы жөнінде айтып, қалалық партия комитетінің қабырға газеттеріне жеткілікті назар аудармай отырғанын сынады.

Семинарда қалалық партия комитетінің секретары Попов жолдас сөз сөйледі.

Семинарға қатысушылар редколлегияның жұмысын ұйымдастыру, газетке материалдарды іріктеп алу, қабырға газетінің тілі мен стилі туралы баяндамалар тыңдады. Бұдан кейін қаланың кәсіпорындарының, мекемелері мен ұйымдарың қабырға газеттеріне шолу жасалып, халықаралық жағдай жөнінде лекция оқылды.

ҚКП қалалық комитетінің кітапханасында қабырға газеттерінің көрмесі ұйымдастырылды.

---

[illegible] № 5 орта мектеп бастауыш партия ұйымының есеп беру-сайлау жиналысы болып өтті. Онда оқытәрбие жұмысындағы қол жеткен табыстармен бірге, елеулі кемшіліктер де атап көрсетілді.

Партия ұйымының мектептің комсомол, кәсіподақ ұйымдарымен байланысы нашар.

Интернат оқушыларының арасындағы тәрбие жұмысының дәрежесі төмен. Әрересе, қазақ қыздарының арасындағы тәрбие жұмысы ойдағыдай болмай отыр. Мұның ақыры бірқатар оқушылардың сабақты үлгермеуіне, олардың күнделікті сабаққа әзірленбей, кешігіп келуіне әкеліп соқты.

Бастауыш партия ұйымының жиналысы бұл кемшіліктерді жою жөнінде тиісті шаралар белгілеп, қаулы алды.

**Н. УСПЕНЬЕВ,**
**ҚКП қалалық комитетінің нұсқаушысы.**

---

жөнінде жазған украин жазушылары шығармаларының көрмесі ұйымдасты рылып, украин халқының тарихы мен

Россияға қайта қосылуының 300 жылдығына арналған көркем әдебиет кешін өткізуге дайындалып жатыр.

### Қалалық кітапханада

Қаладағы № 1 кітапхана қызметкерлері кітап оқушылар арасындағы тәрбие жұмысын ойдағыдай жүргізудің нәтижесінде быйылғы жылы елеуір табыстарға ие болды. Бұл кітапхананың кітап қоры күннен- күнге көбейіп келеді. Көзірдің өзінде мұнда 18 мыңға жуық кітап бар, ал, оқушылар саны мың адамға жетті.

Кітапхана дирекциясы әрдайым айлық жұмыс жоспарын кітап оқушылар активтерімен бірлесе отырып жасайды Осындай алдын-ала жасалған жоспар бойынша әңгіме, лекция, кітаптарға шолу, оқушылар конференциясы өткізіліп тұрады.

Жуырда өткізілген «Дүние жүзінің әйелдері бейбітшілік үшін күресте» деген тақырыптағы конференцияға көптеген адамдар қатысты. Мұнда Халықаралық Сталиндік сыйлықтың лауреаттары: Эжени Коттон, Мо[illegible] Фелтон, Элиза Бранко, Пак Ден Ай және бейбітшілік жолындағы қажырлы күрес жүргізіп жатқан басқа да әйелдердің еңбектері айтылды.

Ойқаладағы үй шаруасындағы әйелдердің күшімен жасалған «В. И. Ленин және И. В. Сталин ССРО халықтарының творчествосында» атты музыкалық монтаж да ойдағыдай өтті.

---

### ЖАПОНИЯДА ЖУЫРДА ҚЫЗМЕТШІЛЕРДІ ЖҰМЫСТАН ЖАППАЙ ШЫҒАРУ ТУРАЛЫ

ТОКИО, 25 декабрь. (СОТА). Токио радиосының хабарына қарағанда, «өкімшілік реформаларын жүргізу жөніндегі үкметтік совет» 1954 жылы Жапонияның мемлекеттік мекемелерінен 80 мыңнан астам қызметшілердің қызметтен шығарылатындығын хабарлаған.

### ТЕГЕРАНДАҒЫ ЖАҒДАЙ

ТЕГЕРАН, 25 декабрь. (СОТА). Кеше Тегеранның кейбір аудандарында тағы да демонстрациялар болды. Демонстранттардың бір тобы тұтқынға алынған.

**Редактор Ғ. МҰХАМЕДЖАНОВ.**

---

# Озат әдістерді кеңінен қолдану—табыс кепілі

Бесінші бесжылдық жоспарды мерзімінен бұрын және артығымен орындау жолындағы күресте еңбекшілердің творчестволық күш- жігері тасқындап қайнауда. Туысқан Коммунистік партия мен Совет Үкметінің күнбе- күнгі қамқорлығының арқасында біздің елімізде техниканың не берерінің бәрін сарқып алатын және оны үздіксіз жетілдіріп отыратын жаңалық табушы маман жұмысшылардың, инженерлер мен техниктердің және басқа да өндіріс жаңашылдарының қатары барған сайын көбейіп келеді. Бұл өнеркәсіп орындарында технологиялық процестерді үздіксіз жетілдіруге, еңбек өнімділігін арттыруға, үнем тәртібін күшейтуге және өнім шығаруды ұлғайтуға, оның сапа көрсеткіштерін жақсартуға зор мүмкіншіліктер туғызып отыр.

Бүкіл еліміздегі сыяқты біздің облысымыздың алдыңғы қатарлы өнеркәсіп орындарының коллективтері де бесінші бесжылдық жоспарды ойдағыдай орындау жолындағы социалистік жарыска қызу ұштасып, соңғы жылдарда өнім шығаруды ұлғайту, оның сапасын жақсарту, өзіндік құнын кеміту жөнінде бірқатар табыстарға жетті.

Пайдаланылмай жатқан өндіріс мүмкіншіліктерін тауып, оны іске қосуда және еңбектің озат әдістерін қолдануда «Главмуканың» Петропавл завод басқармасының коллективі бірқатар игілі жұмыстар істеді. Мұнда, әсресе, жаңалық табу ісі жақсара түсуде. Быйылғы жылдың өзінде бұл кәсіпорнында жұмысшылар мен инженер- техник қызметкерлері еңбек өнімділігін арттыруға бағытталған 37 рационализаторлық ұсыныстар енгізді. Олардың ішінде № 9 ұн заводының цех бастығы Титов жолдастың ұсынысы ерекше бағалы. Ол заводта технологиялық процестердің схемасын өзгерту жөнінде бағалы ұсыныс енгізді. Бұдан завод жылына шамамен 81 мың сом қаржы үнемдейді. Еңбектің озат әдістерін қолдану және жаңалық ұсыныстар енгізу арқылы «Главмуканың» Петропавл завод басқармасы үстіміздегі жылдың 11 айы ішінде 129 мың сом пайда тапты.

Осы сыяқты, вагон жөндеу депосының жұмысшылары мен инженер- техник қызметкерлері де еңбектің жаңа, озат әдістерін өндіріске енгізу нәтижесінде үстіміздегі жылы өнім шығаруды ұлғайтып, оның өзіндік құнын кемітуде және шикізат пен материалдарды үнемдеуде айтарлықтай табыстарға ие болды.

Депода жұмысшылар мен инженер-техник қызметкерлері жаңалық ұсыныстар енгізумен қатар, еліміздің өнеркәсіп орындарының таңдаулы жаңашылдарының озат жұмыс әдістерін де кеңінен қолдануда. Мұнда Трегубенко жолдас басқарған вагон байқаушылар сменасы өзінің жұмысында жаңашыл вагоншы, Сталиндік сыйлықтың лауреаты Шебликиннің вагондары техникалық байқаудан өткізу жөніндегі озат әдісін мінсіз қолданып келеді. Осының нәтижесінде бұл смена вагондарды техникалық байқаудан өткізу ісінде үздік табыстарға жетіп жүр.

Бірақ, істің жайы барлық жерде бірдей бұлай болмай отыр. Облыстың бірқатар кәсіпорындарында еңбектің озат әдістерін қолдануға, технологиялық процестерді үзіксіз жетілдіріп, өнім шығаруды ұлғайтуға, оның өзіндік құнын кемітуге және шикізат пен материалдарды көптеп үнемдеуге бағытталған жаңалық ұсыныстар енгізу ісіне осы күнге дейін жеткілікті көңіл бөлінбей келеді.

Петропавл шағын двигательдер заводында жағдай дәл осындай. Мұнда жаңалық ұсыныстар жасау жөніндегі жоспар үнемі орындалмайды. Өйткені, завод басшылары мен партия, кәсіподақ ұйымдары жаңа өндіріс мүмкіншіліктерін табу, еңбек өнімділігін арттыру жөнінде жеткілікті жұмыс істемейді, өндіріс жаңашылдарының бағалы ұсыныстарын кезінде қолдап отырмайды.

Заводта еліміздің алдыңғы қатарлы өнеркәсіп орындары жаңашылдарының озат жұмыс әдістерін қолдану ісі де нашар. Рас, Средневолжск станок заводының жаңашыл токарі Василий Колесовтың металды шашпан кесу әдісін быйыл заводтың таңдаулы токарлары өз жұмыстарында қолдана бастаған болатын. Бұл алғашқы кезеңнің өзінде- ақ жақсы нәтиже бере бастаған еді. Бірақ, не пайда, завод басшылары металл өңдеудің мұндай озат әдісін өндіріске кеңінен енгізуді тыңғылықты ұйымдастыра алмады. Кәзір бұл әдісті заводтың бірен -саран токарлары қта-текте ғана қолданып жүр. Еңбек өнімділігін арттырудың жаңа мүмкіншіліктерін іздеп табу және оны өндіріске қолдану ісінің нашар ұйымдастырылуы заводта шығарылған өнімде ақаудың көп шығарылуына, оның өзіндік құнының қымбаттауына әкеліп соғуда.

Колесовтың металды қалың жону әдісін Петропавл паровоз депосының алдыңғы-қатарлы токарлары да өндірісте батыл қолдануда. Бұл арқылы озат токарлар станоктың жұмыс өнімділігін арттырып, металды бұрынғыдан әлде қайда тез кесуге мүмкіндік алды. Алайда, Колесовтың металды қалың кесу әдісі депода ось уақытқа дейін кеңінен қолданылмай келеді. Бұл әдіс бойынша санаулы ғана токарлар жұмыс істейді. Депо басшылары еңбектің бұл сыяқты озат әдісін барлық токарлардың игілігіне айналдыру жөнінде ешбір қамқорлық жасамай отыр.

Жаңалық ұсыныстар енгізу арқылы ішкі өндіріс мүмкіншіліктерін іздеп табу — еңбек өнімділігін арттырудың негізгі шарттарының бірі. Алайда, паровоз депосында өндіріс процестерін жетілдіріп, еңбек өнімділігін арттыруға мүмкіндік беретін жаңалық ұсыныстар енгізу ісі мүлде қанағаттанғысыз. Бұған депоның осы жылдың өткен 11 айдан астам уақыты ішінде жаңалық ұсыныстар енгізуден небары 4 мың сомдай ғана пайда көргендігін айтудың өзі-ақ жеткілікті.

Еңбектің озат әдістерін жоспарлы түрде тыянақты енгізу өндірісті жоғары техника негізінде онан әрі өркендетудің және жетілдірудің басты шарттарының бірі болып саналады. Сондықтан жұмыстың мұндай маңызды участогінде орын алған кемшіліктерді дереу жойып, оны барлық жағынан тыңғылықты ұйымдастыру керек.

Өнеркәсіп орындарының басшылары мен партия, кәсіподақ ұйымдары техникалық процестерді үздіксіз жетілдіріп, еңбек өнімділігін еселеп арттыруға бағытталған жаңа әдістер мен ұсыныстар іздеп табу ісіне жұмысшылар мен инженер-техник қызметкерлерін көптеп қатыстыруға, сонымен қатар, олардың жаңалық ұсыныстарын үнемі қолдап, өндіріске енгізуге барлық жағдайды жасауға тиіс.

Мұнымен бірге, олар жұмысшылар мен инженер- техник қызметкерлерін еңбектің озат әдістерімен кеңінен таныстырып отыруға, бұл жөнінде лекциялар мен баяндамаларды жиі- жиі өткізіп отыруға міндетті. Жұмысшылар мен инженер- техник қызметкерлердің творчестволық ынтымағын күшейтіп, олардың барлық ынта-жігерін өндіріс техникасын жетілдіруге және еңбек ұйымдастыру ісін жақсарта беруге жұмылдыру қажет.

Кәсіпорындары партия ұйымдарының ең басты міндеті —жұмысшылар мен инженер -техник қызметкерлерінің еңбек өнімділігін арттырудың жаңа мүмкіншіліктері мен әдістерін табу және оны өндіріске енгізу жолындағы социалистік жарысын тыңғылықты ұйымдастырып, олардың бұл істе табыска жетуін қамтамасыз ету болып табылады.

**С. ТЕМІРХАНОВ.**

---


**МЕМЛЕКЕТТІК ЗАЕМДАР ССРО-ны ӨРКЕНДЕТУДІҢ БЕСІНШІ БЕСЖЫЛДЫҚ ЖОСПАРЫН ОРЫНДАУҒА КӨМЕКТЕСЕДІ**

**Мемлекеттік 3 проценттік ішкі ұтыс заемының облигацияларын сатып алыңыздар!**

Заем бойынша жыл сайын негізгі алты ұтыс тиражы және бір қосымша тираж өткізіледі.

Негізгі тираждарда 50 мың, 25 мың, 10 мың, 5 мың, 1 мың және 400 сомдық ұтыстар, ал, қосымша тираждарда, сонымен бірге 100 мың сомдық ұтыстар ойналады.

Негізгі тираждар бойынша ұтыстар облигацияның сатып алынған мерзіміне қарамастан төленеді. Қосымша тираждарда шыққан ұтыстар тираж шыққанға дейін кемінде 9 ай бұрын сатып алынған облигациялар бойынша төленеді.

Заем облигациялары жыйнақ кассаларында еркін сатылады және сатып алынады. 1954 жылғы 1 январьдан бастап жыйнақ кассалары облигацияларды № 7 талонмен қоса сата бастайды. Бұл талон 1954 жылғы 30 сентябрьде Москва қаласында өткізілетін жетінші қосымша тираждан ұтыс алуға право береді.

Жыйнақ кассалары облигацияларды мына бағалар бойынша сатады:

| | әр айдың 1-нен 15-не дейін | | әр айдың 16-нан 30-на дейін | |
|---|---|---|---|---|
| | 200 сомдық облигацияның бағасы: | 100 сомдық облигацияның бағасы: | 200 сомдық облигацияның бағасы | 100 сомдық облигацияның бағасы |
| Январь, март, май, июль, сентябрь, ноябрь | 204 сом | 102 сом | 205 сом | 102 с. 50 т. |
| февраль, апрель, июнь, август, октябрь, декабрь | 202 сом | 101 сом | 203 сом | 101 с. 50 т. |

Жыйнақ кассалары облигацияларды сатып алғанда олардың өзінің тұрар бағасы бойынша сатып алады.

Тираж өткізілетін және келесі күндері таблица алынғанға дейін жыйнақ кассалары облигациялар сатпайды.

Жыйнақ кассалары облигацияларды сату және сатып алу жөніндегі жұмыстарды жүргізгенде құпияны қатаң сақтайды.

**Мемлекеттік еңбек жыйнақ кассалары және мемлекеттік кредиттің облыстық басқармасы.**


---

## Кинолаңда

**«УДАРНИК» КИНОТЕАТРЫНДА**

**«ЕКІ МЫРЗАҒА БІР ҚЫЗМЕТШІ»**

Сеанстар сағат 4,30-6,30-8,30-10-да басталады.

**«ОКТЯБРЬ» КИНОТЕАТРЫНДА**

**«АРШИН МАЛ АЛАН»**

Сеанстар сағат 6,30-8,30-10-да басталады.

---


**РЕДАКЦИЯНЫҢ АДРЕСІ:** Қазақ ССР, Петропавл қаласы. Петренев көшесі, 92-үй. ТЕЛЕФОНДАР: редактор 1-86, редактордың орынбасары — 1-59, секретариат — 1-33, партия бөлімі— 0-22, ауылшаруашылық және өнеркәсіп-транспорт бөлімдері — 2-36, тілшілер бөлімі — 3-39, корректорлар бюросы —4-39. Газет баспасы —5-53, газет табыс етілмесе — 1-19 телефон арқылы сөйлесуге болады.

УШ 02863. Қазақ ССР Мәдениет министрлігі баспа және полиграфия өнеркәсібі Жоғарғы басқармасының № 18 баспаханасы, Петропавл қаласы, Ленин көшесі, 21 үй.